

АЛДАТАУ

Ардагері



ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№33(43) 16 тамыз 2024 жыл

Ардагерлердің аудандық ұйымдарында

АЛҚАДА ҚАРАЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Балқаш ауданы бойынша ардагерлер ұйымының есебінде 3527 зейнеткер бар. Оның ішінде тыл ардагерлері 68 адам, ауған соғысының ардагерлері 15 адам. Ауданның 15 ауылдық округінде 16 ақсақалдар кеңестері жұмыс жасайды. Оның ішінде 1 аудандық, 15 ауылдық ақсақалдар кеңестері. Жалпы мүшелерінің жалпы саны 92 адам.

2024 жылы аудандық ардагерлер ұйымының ұйымдастырумен 855 адам қамтылған әртүрлі деңгейдегі 10 іс-шара өткізілді. Аудан ардагерлері аудан аумағындағы тұрып жатқан аз қамтылған отбасыларына қыстық мал азығын, азық-түлік себеттерінің берілуін ұйымдастырып, жастар тәрбиесіне қатысты шараларға белсене атсалысуда.

Жалпы аудан аумағында өтіп жатқан іс-шаралардан ардагерлер ұйымы назардан тыс қалған емес. Бабаларымыздың «Қариясы бар үйдің қазынасы бар», «Атаннан бота қалғанша бата қалсын», «Түбіріне қарай бұтағы, тегіне қарай ұрпағы», «Өнеге жақсы болса, өріс кеңейеді» деген қанатты сөздері дәлел. Өмірден көргені мол ақсақалы бар ел қашан да жөнсіздік пен жолсыздыққа бой ұрмасы анық.

Елімізде «Болашаққа бағдар-Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Ата-баба дәстүрі ұрпаққа аманат» жобасы бой-



руымен Жамбыл ауданы, Сұраншы батыр ауылдық мәдениет үйінде өткен «Баталы елге бақ қонар» атты облыстық байқауға Бірлік ауылынан қатысқан ардагер Жұмаханов Орынбасар басқарма басшысының Алғыс хатымен және ынталандыру жүлдесімен марапатталды.

Алматы облысы ардагерлер ұйымының ұйымдастыруымен Іле ауданында Түймебаев ауылында өткен байқау-фестивальге ауданымыздан Бақбақты ауылынан қатысқан Дүйсенбекова Бикен қария тігін тігу әрі ұлттық би билеуден 1-ші орын алып үздік атанып, дипломмен және арнайы ақшалай сертификатпен марапатталды.

Осындай аға буынның өнегелі істері-ұрпақ үшін қашан да үлгі және мақтаныш.

«Ақылды қария-ағып тұрған дария» деп, ежелден қарттарын құрметтеген, бабалар дәстүрін бойларына мол сіңірген, көңілдеріне түйгені де бар ардагерлер-біздің баға жетпес қазынамыз.

Республикалық «Домбыра» телеарнасында арнайы Балқаш ауданының тарихы мен өнерін насихаттау мақсатында баталы қариялардың өнегесі туралы екі бөлімді бағдарлама түсірілді.

Жалпы, ақсақалдар ұйымының мүшелері ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық өміріне қосқан үлестері қомақты. Оның ішінде ұрпақ тәрбиесінде, жастарға ұлттық тәрбие, салт-дәстүрді на-

жағдайын назардан тыс қалдырған емес. Ауданымыздағы кәсіпкерлермен бірлесіп «Қайырымдылық керуені» акциясы тұрақты түрде ұйымдастырылып келеді. Қайырымдылық шараларына үлес қосқан жаны жомарт жандарға алғысымыз шексіз.

Қайырымдылық негізінде қатты отын түсіру, көмір беру, азық-түлік себеттерімен көмек көрсетуде. Өткен жылы 42 отбасыға отын, 31 отбасыға 22,5 тонна көмір берілсе, биылғы жылы 21 отбасыға отын, 7 отбасыға көмір таратылды. Ол үрдіс әлі жалғасуда.

Сонымен қатар арзандатылған бағада Бақанас ауылына 50 отбасыға шөп таратылса, Миялы, Бақбақты, Бірлік, Береке ауылдарында тегін және арзандатылған бағада 25-50 кг күріш және шөп таратылып берілді.

Одан басқа да аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде жалғыз басты қарттарға қарайтын 24 әлеуметтік қызметкер болса, олар 51 жалғызбасты қарттарға тұрақты көмек көрсетіп, олардың мұң-мұқтаждарын шешіп отырады.

Жыл сайын ауданда қасиетті ораза айында бастауыш ардагерлер ұйымдары тұрғындарға ауызашар ұйымдастырып, халықтың ризашылығына бөленуде.

Сондай-ақ ардагерлер ұйымдары тарапынан мемлекетіміздің жүргізіп отырған саясатын бұқара арасында насихаттауға атсалысуда.

Сонымен қатар елімізде өткізілген референдумда, ел Президентінің және парламент депутаттарының сайлауында болсын бірауыздан үгіт-насихаттарын жүргізіп, бар күш жігерлерін жұмсап сайлаудың әділ өтуіне атсалысты.

2023 жылы пилоттық жобамемлекет басшысының жарлығы бойынша 45 аудан, қала әкімдеріне сайлау керек болса, бақ дарыған Балқаш ауданының әкімінде сайлау бірінші болып біздің ауданымызға бұйырды. Бұл саяси науқанда аудан бойынша ақсақалдар алқасының төрағалары басқа да қоғамдық ұйымдармен бірлесіп отырып бірауыздан сайлауға жұмыла кірісіп, үгіт-насихат жүргізіп соның арқасында аудан әкіміне халықтың 87,6 пайызы қолдап, дауыс берді.

Аудандық орталық ауруханада ардагерлерге арнап терапиядан 1 бөлме, хирургиядан 1 бөлме бөлінген. Ол жерлер теледидармен және тоназытқышпен жабдықталған.

Қазақстан Республикасының Президенті К.Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» Жолдауын жүзеге асырудағы Қостанай облысында өткен ардагерлердің міндеттері туралы



сихаттауда жергілікті жерлерде ел бірлігі мен ынтымақтастығын қалыптастыруда атқарып жүрген жұмыстары қомақты.

Аудандық ардагерлер мен аналар, жастар кеңестеріне ақпараттық қолдау көрсетуде қараша айында аудан әкімінің қолдауымен «Ұлттық тәрбие және жаһандану» тақырыбында кездесу ұйымдастырылды.

Аудандық, ауылдық ардагерлер кеңестері аудандағы әлеуметтік аз қамтылған, көпбалалы отбасылардың, мүмкіндігі шектеулі жандар мен зейнеткерлердің

Республикалық көшпелі кеңесінде Қазақстан еңбекері Қазақстан Республикасының Парламент мәжілісінің депутаты, ардагерлер ұйымы РҚБ орталық кеңесінің төрағасы Б.Ізмұханбетовтың тапсырмасына сәйкес, аудан ардагерлері аудан тұрғындары, оның ішінде жастар арасында тәрбиелік бағытта ақыл кеңестерін беріп, ұлттық құндылықтарды дәріптеу бағытында шараларға қатысуда.

Бақыт СҚАБАЕВ,
Балқаш аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

ЖАҢАЛЫҚТАР ВЕСТИ

Париж Олимпиадасының күміс жүлдегері Демеу Жадыраев елге оралды

Париж Олимпиадасында ел намысын қорғаған қазақстандық спортшылардың тағы бір бөлігі елге оралды. Олардың арасында грек-рим күресінен күміс медаль алған Демеу Жадыраев та бар. Бұл туралы Azattyq Rūhu Алматы облысының әкімдігіне сілтеме жасап хабарлайды.



Отандасымызды Алматы әуежайында Алматы облысының әкімдігі, жақындары мен жанкүйерлері, журналистер, Қорғаныс министрлігіне қарасты орталық спорт клубының өкілдері қарсы алды.

Естеріңізге сала кетейік, Париж Олимпиадасында 77 келіге дейінгі салмақта сынға түскен Демеу Жадыраев ширек финалда екі дүркін әлем чемпионы, Токио ойындарының күміс жүлдегері кыргызстандық Ақжол Махмудовтан 3:1 есебімен басым түсті. Ал жартылай финалда әзербайжандық Санан Сүлеймановты 6:1 есебімен жеңді. Дегенмен финалда отандасымыз жапониялық Нао Кусакадан жеңіліп, күміс жүлдені қанағат тұтты.

Празднование Дня строителя в Алматинской области

Каждое второе воскресенье августа Казахстан отмечает День строителя – профессиональный праздник, официально установленный в 1998 году. В этом году в Алматинской области праздник приобретает особое значение, подчеркивая важность строительной отрасли для региона и страны в целом.



«Строительная индустрия – это фундамент экономики. Экономическая мощь и социальная стабильность любой страны напрямую связаны с развитием строительной отрасли». Аким Алматинской области Марат Султангазиев

Эта фраза особенно актуальна для Алматинской области, где строительство активно помогает решать социальные и экономические задачи, такие как обеспечение доступным жильем и развитие инженерной и транспортной инфраструктуры.

Алматыда «Onau» жүйесі істен шықты



KAZINFORM - Алматыда қоғамдық көліктерде «Onau» төлем жүйесі жұмыс істемей қалды. «DDOS шабуылына байланысты кейбір пайдаланушылар мобильді қосымшалардың кейбір қызметтеріне, көлік карталарын толтыруға және QR арқылы төлеуге шектеулер болуы мүмкін», - деп хабарлады Алматы көлік холдингінен.

Қоғамдық көліктерде орналасқан «Onau» төлем құрылғысы жұмыс істеп тұр. Жол жүру ақысын көлік карталары, SMS және Onau мобильді қосымшасы арқылы төлеуге болады. «Мамандар мәселені шешіп жатыр. Келтірілген жайсыздық үшін кешірім сұраймыз», - деп атап өтті компаниядан. Кейін Алматы көлік холдингі кемшіліктер жойылғанын мәлімдеді.

АЗАМАТ ЖАЙЛЫ АЙТСАҚ...

«Халқымның табанына кірген шөңге, менің маңдайыма қадалсын» деген принциппен өмір сүрген, көрнекті қоғам қайраткері, кәсіподақ қызметінің ардагері Совет Оспанұлы Оралбаев 1934 жылы 25 тамызда Балқаш ауданының киелі Қараой ауылында дүниеге келген.

Совет аға отбасының барлық сүйіспеншілігіне бөленіп өседі. 1941 жылы мектеп табалдырығын аттағаннан бастап-ақ, білімге деген құштарлығы мен зеректігі, қоғамдық жұмыстарға белсене қатысуымен көзге түсе бастайды. Еңбегі мен жігерлілігінің арқасында мектепті алтын медальға бітіреді. Бұл, Балқаш ауданы бойынша тұңғыш алтын медаль еді.

Совет ағамыздың бойына біт-


кен қоғамдық белсенділік, оны аудандық комсомол ұйымының хатшысынан, ағарту, жоғарғы мектеп және ғылым қызметкерлері кәсіподағының Алматы облыстық комитетінің төрағасы болып сайлануына дейін жеткізді.

Еңбегі еленіп, қоғамда ойып тұрып орын алған ағамыз «Ерен еңбегі үшін» арнайы медалымен, «ҚазССР халық ағарту ісінің оза-ты», «Комсомолдағы белсенді жү-

мысы үшін», «ВЛКСМ-нің құрмет белгісімен», «Кәсіподақтағы белсенді еңбегі үшін», «ВЦСПС-тың құрмет белгісімен», «Балқаш ауданының құрметті азаматы» атақтарына ие болды.

Совет ағамыздың отбасылық өмірі де көпшілікке үлгі. Баян апайымыз екеуі ұл-қыздарының бойына адами қарапайым қасиеттерді сіңіріп өсірді. Балалары жоғары білімді, бір отбасының тірегі, ұйытқысы болып отыр.

Саналы ғұмыры көпке үлгі болған ағамыз туралы ел арасында тараған аңыз да бар. Ағамыз ана құрсағында жатқан кезде-ақ, ауылдағы көріпкелдігі бар Адамтөре



деген кісі әкесіне «Әйелің қолында қалы бар, жақсы азамат болып өсетін ұл туып береді» деген екен. «Жігітке жеті өнер де аз» деген

халық даналығы Совет ағамызға айтылса керек, кез келген той-томақтағы үйіріп әкететін асабалығы, опера әншісінен кем түспейтін тонер даусы, ақындығы-өз алдына бөлек әңгіме.

Совет ағамыз 2016 жылы ақпан айында жеке қор бөлімінің қызметкерлерін үйіне арнайы шақыртып, құжаттарын өз қолымен Алматы облысының мемлекеттік архивіне сый ретінде тапсырды. Қазіргі таңда №2298 қор иесі Совет Оспанұлы Оралбаевтың 1951-2015 жылдар аралығын қамтитын 31 бірліктен тұратын ісі сақталуда.

Ж.БІРГЕБАЕВА,
«Ведомстволық архивтермен жұмыс жасау және жинақтау бөлімінің» архивісті.

Жақсы адам жүр жаныңда

Құрылысшы қартқа халық риза

Халық арасында «жақсы сөз – жарым ырыс» деп қашан да тегін айтылмаса керек. Мұны көпшілік арасында біте қайнасып жүргендіктен бе жиі естіп жатамыз. Осы орайда құрыш қолды құрылысшыларға халық тарапынан айтылып жататын ақ ниетті алғыстар мен мақтауға толы марапаттардың шеті мен шегі болмайды. Оның арғы жағына үніле білсек, себебі де жоқ емес.

Дәйім жақсылық атаулының жаршысы болып жүретін Іргелі ауылдық ардагерлер ұйымының төрағасы Егінбек Егеубеков пен әжелер ұйымының төрайымы Райса Сығаева екеуі тауу күндерде маған өзара ақылдасып қойғандай қосарлана:

- Біздің «Көксай» ауылында ұлттық түрік, өмірі құрылысшылықпен өткен Тутадзе Хайруддин Кәрімұлы деген бір тамаша адам бар. Жасы 83-те. Бар сырға ол кісімен бетпе-бет әңгімелескеннен кейін қаныға жатарсыз. Алдағы құрылысшылар мерекесі де жақындап келеді. Нағыз газетке жазуға тұрарлық адам, - деп екеуі де ағынан ақтарылумен болды.

«Уәде құдайдың сөзі» деген ұйғарыммен екеуіне ілесіп, айтқан адамның мекен-жайына келдік. Олардың айтқанындай-ақ бар екен. Өзі де үйінде болып шықты. Оның үйінің сыртқы келбеті мен ішкі сымбаты ажарлы айшықтарымен қоздң жауын алады. Нағыз шебердің қолынан шыққаны көрініп-ақ тұр. Мін таппайсыз. Хайруддин Кәрімұлы біз кіргенде телеарнадан қазақша беріліп жатқан хабарды беріле тамашалап отыр екен. Отырған орнынан саптағы сарбаздай сымдай тартылған ширақ қимылмен атып тұрып, амандасып жатыр. Қазақшаға судай ағып тұр. Елпең қаққан елгезек қимылына қарап, бұл кісіні 83 жастағы қариялар қатарында деп ойламайсыз.

- Хайруддин ақсақал қазақшамен қатар, қазақтың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, танымы мен тағлымдарын да қазақтан кем білмейді. Бұл жағынан әңгіме тиегін ағытып жіберсе, жеріне жеткізіп нүктесін қояды. Ток етерін айтқанда, өткен өмірі өнегеден тұрады, - деп әңгімені Егінбек бастап жіберді.

- «Халық айтса, қалт айтпайды» деген емес пе, Хайрекеңнің шаңырағын халық біраз жылдардан бері «құрылысшылар әулеті» деп атап кеткен. Олары бекер емес. Ақсақалдың туған ұлы Али мен немересі Фариз да-білдей білікті құрылыс мамандары. Екеуіне де ықпалын тигізген осы ақсақал, - деп Раиса әңгімені одан әрі тұздықтап қойды.

Ол кісінің әңгімесінің барысына қарасақ, артында қалған ауыр тағдыры, қияметтің қыл көпіріне және бір үміт пен мың күдікке толы аласапыранға толы жылдары мен күндері алдыңнан шығып тұрғандай болады. Бәріне де өткен ғасырдың қыркыншы жылдардың сұрапылы жазылмас жара салып кетті. Онда Тутадзенің отбасының қонысы Грузия елінде болатын. Сонда сол бір тар жол, тайғақ кешу кезінде басқа ұлт өкілдері сияқты бұлардың отбасы да Қазақстанға жер аударылады. Хайруддин болса, астаң-кестең дүниеден қаннен қаперсіз 3-ақ жаста екен. Әкесі 1941 жылы соғыста қаза тапқан. Жапа шеккен жарлы отбасының құрамында апасы Ажар, анасы Инжи, ағасы Нәтіп, әкпесі Билор ғана болатын.

Сол бір ұмытылмас жылдар тарихын Хайруддин есі кіре бастаған шақтан айналдасындағылардан естіп, біліп, санасына сіңіре құйып алады. Сондағы Қазақстан аумағына, соның ішіндегі осынау «Көксайға» (бұрынғы «Путь Ильича») қолхозына келіп, қоныстанған уақыттарын апасынан, анасынан, ағасынан, әкпесінен естігендерін ой елегінен өткізгенінде жарғақ құлағы жастыққа тимей мазасы кететін. Ол да бір өмір сабағы екен ғой. Сол әңгімелер қазақ халқының қандай

бауырмал екеніне келе-келе анық та қанық көз жеткізгені бар. Оған қазір де алдымызға көлденең тартар тірі куәлері де жоқ емес.

Тірі куәлер демекші, бүгінгі күні жасы 90-ға келіп отырған Мәлібек Атшабаров соның анық айғағы болып табылады. Ол Тутадзе әулетіне туған ауылына қоныстануға келгенде құшағын айқара ашып, қандай қолғабыс жасап, қанатты қамқорлығын көрсеткенін қазір де тайға таңба басқандай етіп айтып бере алады. Соны есіне алғанда, Хайруддинің ет жүрегі елжіреп, жанарынан жас моншақтары еріксізден мөлтілдеп төгіліп-ақ кетеді. Сондықтан да болар, ол Мәлібекті туған әкесіндей көріп, оның балаларын туған бауырларындай бағалап, жақын тартып жүреді.



- Қазақтағы «жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген қанатты сөзді мен жақсы білемін. Әрі қатты қадірлеймін. Өйткені, осы сөз маған қаратылып айтылғандай әсер қалдырып тұрады. Бастан кешкен ақиқатты айтып жүрмесем ар алдында, Мәлібек ақсақалдың алдында өзімді күнаһар жандай сезінемін. Басқа да жетерлік. Міне, 80 жылдан бері осы ауылда қазақ ағайындарыммен бірге тату-тәтті, бірлікпен, ынтымақпен жарасымды өмір сүріп келеміз, - деп, Ғайнекең толқып барып әрең басылды.

Олай болатын жөні де бар еді. Оған осыны айтқызып отырған адамдық ары мен ұяты екені сөзсіз. Бастарына келген тағдыр тауқыметі солай болған соң не істерсің. Оның бастан кешкен балалық шағы да маз болма қоймапты. Ол жағдай сол бір жылдары екінің бірінің пешенесіне жазылған арқаны қажаған ауырғашылық екені де жасырын емес. Оны тарихтан да жақсы білеміз. Хайруддин мектеп табалдырығын 1957 жылы осы ауылдан аттаған еді.

Бар болғаны жетіжылдық қана мектеп болатын. Одан арғысын көршілес Абай ауылындағы орта мектепте оқуға тура келді. Оның басқа түскен азабы да аз болған жоқ. Арасы 8 шақырым болатын мектепке жаяу барып, жаяу келіп қатынау қайдан оңай бола қойсын. Қыс мезгілі уақытындағы мектепті елестету тіптен қиын. «Басқа түскен баспақшыл» демекші, оған да көндігіп кетті. Мұқағали ақын «Сол бір жылдар бәрімізден бір-бір батыр жасапты» деп тегін жырламапты.

оның осы жұмыстардың қай-қайсысына болсын жан-тәнімен беріле жұмыс істеп жүрген шағы.

«Сабақты ине сәтімен» деген сөздің де жаны бар-ау осы. Көп уақыт өтпей сол кездегі Құрылыс министрлігінің назарына іскерлігімен, шеберлігімен ерте ілінген Хайруддинге үлкен құрылыс фирмасының жауапкершілігі жүктелініп беріледі. Сонда абыржып қалған сәттері аз емес. Ол алғаш рет қолға алған Ұлттық ғылым академиясының 4 тұрғын үйлері мен қазіргі Д.А.Қонаев ескерткішінің артындағы және қарама қарсысындағы тұрғын үйлер болатын. Бұл үйлердің бұған дейінгі үйлерден жөн-жобалары басқаша сымбатпен салынуы керек. Өйткені, бұл үйлерде лауазымы жоғары зиялы қауым өкілдері мен одан кейінгі шенділер мен шекпенділерге арналған үйлер еді. «Ізденген жетер мұрағатқа» демекші, ол сенімнен шыға білді. Арқалағаны Алатаудай алғыс болды. Одан әрі берік қадамдар жасауына жанына қанат бітірді.

Ол басқаратын фирма үшін сол кезде атағы алысқа кеткен «Арасан» моншасын салу да үлкен сынақтың бірі болды. Одан да сүрінбей өтіп, артылған сенімді абыроймен ақтап шықты. Осыдан кейін Алматы облысы мен Алматы қаласының аумағынан басқа фирмалармен бірлесіп салып, 50 мектепті пайдалануға берулері Қазақстандағы есте қаларлықтай құрылыстағы қарқынды жұмыс еді. Сонда Хайруддин Кәрімұлы басқаратын фирманың көңіл толтырарлық көп-көрім көр-

некі жұмыстары айрықша аталып өтіп, лайықты бағаларын алған екен.

Одан соң да ойдағыдай қолтаңбаларын қалдырған құрылыс нысандары көптеп саналады. Соның бірі – өзі атамекенім деп санайтын Қаскелең өңірінен осы жердегі марқұм Серік Донбаев басшылық жасайтын «Дәулет-Серпін» құрылыс колоннасымен бірлесіп отырып, жана жобалағы 3 мектептің құрылысын салып бергені. Осы жерде оның өз фирмасы салған үйлерден Алматы қаласы мен Алматы облысында тұратын құрылысшыларын тегіс тұрғын үймен тегін қамтамасыз етуі ерлікпен пара-пар іс болғанынан күллі Қазақстан халқы хабардар болып үлгерді. Сонда халық Хайруддин Кәрімұлын мақтанышпен төбелеріне көтерді.

Жоғарыда біз Алматыдағы «Арасан» моншасын тілге тиек етіп кеткен едік. Соның құрылысы жүріп жатқан кезде Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев осы құрылысқа жиі келіп тұрыпты. Сол уақытта одан құрылыс жұмысының барысы жайлы сұрап болыпты. Сонда бірінші хатшы оны бірнеше мәрте шақырып, қабылдау жасапты. Үлгілі әрі мәдениетті құрылысшы кейіндеп қана осы жәйтті еріптестері мен ел-жұрттың арасында тілге тиек ете бастайды. Осының өзі-ақ оның парасаттылық пайымы мен асқақ адамгершілік қасиеттерін айшықтап бере алады.

Өмірде адам баласы арасындағы өзара сыйластық пен адамгершілік қарым-қатынастардың қашан да орны бөлек қой. Бұл жағынан да Хайрекеңнің аты қамшы салдырмайды. Оған көлденең тартар мысалдар өте көп. Оның бәрін газет көлемі көтермейді. Бір ғана мысал жетерлік. Сол кезеңде Алматыдағы «Триада» фирмасының директоры Шәріп Каримов деген қызметтес әріптесі болыпты. Ныспысы курд ұлтынан екен. Екеуінің фирмасы бірлесіп біраз мектептер мен ауруханалар құрылысын жүргізген. Сол Шәріптің фирмасы №1, №7 қалалық ауруханаларын, республика мұражайын салулары мен Астанадағы Ұлттық банкті реконструкция жасағанын әлі күнге дейін мақтаныш етіп айтуды өзіне зор мәртебе санайды. Өзінен гөрі соның жұмыстарын насихаттағанды жақсы көреді. Мұндай қасиет екенің бірінде бола бермес. Бұл оған жаратылысынан дарыпты.

Біз тақырып ауқымынан алыстай алмаймыз. Олай дейтініміз, олардың әулетін қарасайлықтар «құрылысшылар әулеті» деп тегін атамайтынын жоғарыда айтып өттік. Расында да солай. Хайруддиннің 3 баласының ішінен Әлі-әке жолын қуған нағыздың өзі. Құрылыс фирмасы бар. Өмір талабына сай құрылысшы-инженер ретінде жұмыстарын жүргізіп келеді. Ал, немересі Фариздің тірлігі де осындай. Ол да құрылыс-инженері. Қазір ол Сарыөзекте фирмасымен 4 қабатты емхана құрылысын қызу қолға алып жатыр.

Қайрекең ұлы мен немересінің аяқ алыстарына аса риза. Кей сәттерде қорнекі жерде тұрған «Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы жетістіктері көрмесінің» медалі мен «Құрмет белгісі» орденін және тағы басқа марапаттарын алақанымен аялап сипап қойып, құрылыстағы өзінің қолтаңбасы қалған арнайы альбомындағы суреттерге бір көз жүгіртіп алмаса көңілі бір көншімейді. Содан рахат алатын сияқты. Бұл құрылысшылар әулетінің тірлігі адам баласын қызықтырмай қоймайды.

Қанат ТӘКЕБАЕВ,
Қарасай ауданы.

Отбасылық құндылық

БІР ӘУЛЕТТІҢ ШЫРАҚШЫСЫ

Ағынды судың арынындай толқынды серіп, сырғып өтіп бара жатқан өткініші өмірдің бір ізіне қайырылып қарай қалсаң, кіндік қаның тамған туған ауылыңды, ата-тегіңді, бабаларыңды, ата-ананды, бал дәурен балалық шағыңды, еңбек еткен күндеріңді, қызмет баспалдақтарыңды, талай жасампаз замандастарыңды еске алып, бір жасап қалады екенсің. Өткеніңді еске алған кезде өмір туралы да ойға батасың.

Жаркент өңіріндегі Ақтау тауының баурайындағы жері шалғынды, көк майсалы, салқын самалы бетінді өбер, беткейден аққан өзен сарыны өмір әуенімен үндесіп жататын сулы да нулы жер Қоңырөлең ауылында туып-өсіп, осында еңбек етіп, жерлестерінің қадір-құрметіне бөленген Серік Болатұлы Күмісбеков соңғы жылдары ата-бабасын жиі еске алып, солардың жүріп өткен жолына ойша саяхат жасауды әдетке айналдырып алған. Өмір адамға берілетін үлкен сынақ деп ойлайды ол. Әсіресе, жасы 60-тан асқалы бері «Мен қалай өмір сүрдім? Ата-анамның үмітін ақтадым ба? Еліме не бердім? Артыма не қалдырдым?» деген сұрақтар оны жиі мазалайтын болды. Мұндайда ең алдымен өзінің кіндік қаның тамған ауылы, ата-бабасы есіңе түседі. Адам баласының өмірге бейімделуі, еңбекке шыңдалуы, көзқарасын қалыптастыруы әдетте әкенің қанымен, ананың сүтімен беріледі. Қандай жағдай болмасын отбасындағы тәлім-тәрбиенің орны ерекше. Жалпы адамның тағдырына, мінез-құлқы мен болмысына оның әулеті, ата-анасы, көзін ашып, алғашқы тәлімінің тек көрсарынан ғана ішкен ыстық ұясы үлкен ықпал ететіндігін ескерсек, атасы Күмісбек пен әкесі Болат осы өңірде туып-өсіп, қарымды еңбек етіп, тамырын тереңге жіберген алып бәйтерек екен.

Серік Болатұлы өзінің саналы азамат болып қалыптасуын, еңбек жолында жеткен жетістігін көбіне ата-бабасымен байланыстырады. Арғы атасы Байқұт Албан руынан шыққан. Оның арғы аталары Айт, Таңатар айналасына беделді болған екен. Қажет жерінде сөз бастап, кесімді шешім, салықалы ой айта біліпті. Әсіресе Байқұт ата баласы Күмісбекті жастайынан еңбекқорлыққа, әділдікке, ерлікке, өжеттікке тәрбиелепті. Содан болар, 1880 жылы дүниеге келген Күмісбек патшаны тақтан тайдырған Кеңес үкіметі билікке келген уақыттағы небір дүрбелең шақтарды, отызыншы жылдардағы коллективтендірудің қиыншылықтарын, ашаршылықтың дәмін татып ауыр кезеңдердің зардабын көріп, өмірдің өзімен шындалған, соғыс кезінде тылдағы елдің тыныштығын күзетіп, қашқындармен күресіп, мәнді де мағаналы ғұмыр кешіп, ешуақытта ақиқаттың ақ жолынан тайған емес. Оның өмір жолы тек ізгілікпен өріліп, ұлағаттылықпен астасқан. Күмісбек атамыз жастайынан өте шебер болған кісі. Ағаштан түйін түйген. Ағаштан жасаған ер тоқымы сол заманда бір жылқыға бағаланған екен. Құралайды көзге атқан мергендігі де бар. Саятшылығы ауылға аңыз болған. Ауылдағы көне көз қариямыз Самылтыр қызы Зейнелхан апамыздың айтуы бойынша қиын-қыстау ашаршылық кезінде отбасын және жерлестерін аңшылықпен асырапты. Қай жерде болмасын, артына жақсылық нұрын сеуіп, әділдіктің, турашылдықтың дәнін егіп, өзінің саналы ғұмырын еренді еңбекпен, жауапкершілікті міндетпен кестелей білді. Оның Отан алдындағы еңбегі ескерусіз, елеусіз қалмады. Күмісбек ақсақалдың колөнер шеберлігі немерелері Бақыт, Алмаз, Асқарға дарыған. Саятшылығы Серік, шөбересі Еркебұланға дарыған. Күмісбек ата 78 жасында өмірден озады.

Күмісбек атаның жұбайы Өзипа Жамантққызы да Қоңырөлең ауылында 1884 жылы дүниеге келген екен. Суан руынан тараған арғы аталары Ақша, Естемес те кезінде жұртты соңынан ерте білетін қадірменді кісілер болған екен. Өзі әкесі Жамантққтың жалғыз қызы болыпты.



Сондықтан болар Өзипа жастайынан зерек, өжет болып өсіпті. Көзі ашық төте жазуын оқыған. Ауылдағы бәйге, көкпарларға шапқан. Көне көз қариямыз Әбілғазы атамыздың айтуы бойынша Берік Қара тауының күз жартасында Өзипа апамыздың құран кітабы әлі сақтаулы тұр.


Апамыз-қазақ қызарының арасында ең алғаш ауыл әкімі болған кісі. Өкіметтің солақай саясаты кезінде талай адамды ату жазасынан, сотталудан алып қалған. Қолына тізімдер келіп түскен кезінде Қытай асырып, қашуға көмектесіп отырған. Кейін екі ортадағы шекара қайта ашылып, халқымыз қайта оралған кезде сол кісілерді құшақ жая бауырына алған. Қоңырөлең ауылының өсіп, өркендеуіне үлкен үлес қоса білген. Күмісбек ата мен Өзипа апа Болат сынды ұл мен Батика, Көкен, Қанике атты қыздарды



тәрбиелеп өсіріп, қатарға қосқан. Өзипа апамыз 1969 жылы 75 жасында өмірден өтті.

Күмісбек Байқұтұлының әулетінде 1906 жылы Қоңырөлең ауылында дүниеге келген Қабди Ниязбекұлыны алатын орны ерекше. Қабди ата Күмісбек ақсақалға күйеу бала болса да ұлындай болып бұл әулетке әбден сіңіп кеткен. Сондықтан болар, Күмісбектің ұлы Болат Қабди ақсақалды өмір бойы өзінің кіші әкем деп, сыйлап, қадірлеп өткен. Болатұлы Серік те Қабдиды туған атасындай көрген. Кейбір көнекез қариялар Болатты Қабдидың ұлы деп санағандары да бекер емес шығар. Ал, Қабди атаның өмірі өнегелікпен, ізгілікпен кестеленген. Ол 1920 жылдан 1926 жылға дейін Қоңырөлең ауылында оқып б

сыныптық білім алған. 1926 жылдан 1929 жыл аралығында осы өңірде диканшылықты кәсіп еткен. 1929-1932 жылдар аралығында «Топшыл» атындағы колхозда хатшылық, есепшілік қызметін атқарған. 1932 жылдан 1935 жыл ара-



лығында Көктал ауылында 8 сыныптық білім алған. 1935 жылы жұбайы Батиза екеуі отау құрған. 1935-1936 жыл аралығында «Топшыл» колхозында басқарма қызметін атқарған. 1936-1938 жылдары Жаркент қаласында 2 жылдық мұғалімдер дайындайтын курсына оқып шықты. 1938 жылдан 1942 жылға дейін мұғалім болып жұмыс істеді. 1942-1944 жыл аралығында Ұлы Отан соғысына қатысқан. Ұлы Отан соғысында № 112-137-119 полкында жаяу әскер қатарында болған. 1944 жылы ауыр жаракатына байланысты әскер қатарынан босатылған. 1944-1975 жыл аралығында Сарытөбе бастауыш мектебінде мұғалім қызметін атқарған. 1975 жылы зейнеткерлікке шықты. Айман, Айжан, атты қыздар мен Бақыт есімді ұл тәрби-

елеп өсірген ардақты әке. Сарытөбе ауылында Ниязбеков Қабди атамыздың атында көше бар.

Күмісбек атаның қызы Қайнике де жастайынан алғыр, зерек, еңбекқор болып өскен екен. 1923 жылы Қоңырөлең ауылында дүниеге келген Қайнике апа сұрапыл соғыс басталғанда 18 жаста болатын. Ер-азаматтар майданға аттанғанда Қайнике тылдағы жұмысқа белсене араласады. Колхоз қай жерге жұмсаса еш қиындықтан бас тартпай кете беретін. Сауыншы да болды, астық та орды, күріш те екті. Қыстың суығына, көктемнің лайсаңына қарамастан арбамен Сарыөзекке астық та тасыды. Соғыстан кейін біржола егін шаруашылығына жұмысқа ауысты. Картоп өсірушілер бригадасын басқарды. Партия қата-

рында болып, еңбек озаты атанды. Қоңырөлең ауылына сіңірген еңбегі еленіп, аудан, облыс басшылығы тарапынан бірнеше мақтау грамоталарымен марапатталды. 1963 жылы Мәскеу қаласында өткен ауылшаруашылығы қызметкерлері кәсіподағының YI Съезіне делегат болып қатысты.



Еңбек ете жүріп, Марат атты ұлды, Айман, Әйкен атты қыздарды тәрбиелеп, қатарға қосты. Қайнике апаның үлкен қызы Айман-бар саналы ғұмырын білім саласына арнаған ұлағатты ұстаз. Ол өз шәкірттерін білімге сусындатып, өнегелікке, қарапайымдылыққа, елжандылыққа үйретті. Бойындағы бар жақсы қасиеттерді оларға сіңіре білді. Құлды бір бағбан секілді оларды аялап, мәпелей де алды. Егінші сияқты бойларына ізгіліктің, жақсылықтың дәнін септі. Еңбегі зая кетпеді. Бірнеше рет ҚР-сы білім Министрлігінің Құрмет Грамоталарымен, Алматы қалалық білім бөлімдерінің Мадақтау қағаздарымен марапатталды. Ыбырай Алтынсарин атындағы медальдың иегері. Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген педагог. Қазақстан Республикасы «Оқу-ағарту ісінің үздігі».

Серіктің өз әкесі Болат Күмісбекұлы да Қоңырөлең ауылында туып-өсіп, бар саналы ғұмырын осындағы «Октябрь» ұжымшарының егіншілік саласына арнаған. Ұжымшардағы маңдай алды жұмысшылардың бірі болды. Таңмен таласа тұрып, кеш батқанға дейін осы ұжымшардың шаруасымен жүретін. Өз ісін ғана білетін, басқамен шаруасы жоқ біртоға мінезді Болатты ауылдастары қатты құрметтейтін. Оның жары Күләш керісінше өте белсенді, алым-

ды да, шалымды еңбекқор болды. Күмісбекова Күләш Қанапияқызы 1938 жылы 10 сәуір күні Панфилов ауданы, Сарыбел ауылында дүниеге келген. Әкесі Қанапия Елікбаев аудандық ішкі істер бөлімінде жұмыс атқарған. Анасы Нұрипа үй шаруасында болды. 1955 жылы Жаркент қаласында 11 жылдық мектеп бітіріп, жастайынан еңбекке араласқан. 1967 жылдан бастап Панфилов ауданы, «Октябрь» кой совхозында балалар бақшасының көмекшісі болып, еңбек етіп, меңгерушілікке дейін көтерілген. 1972 жылы еңбектен қол үзбей Панфилов педагогикалық училищесін бастауыш мектеп мұғалімі мамандығы бойынша бітіріп шығады. 1969 жылы педагогикалық училищеге түскен жылдан бастап Қоңырөлең ауылындағы балалар бақшасына меңгерушісі болып тағайындалды. Осы қызметті табан аудармастан жиырма жыл атқарып, 1988 жылы зейнеткерлікке шықты. Зейнеткерлікке шықса да қоғамдық жұмысқа арласа жүріп Қоңырөлең ауылының көркеюіне атсалысты. Ауылдық әйелдер алқасының жетекшісі болды. Әжелер ансамблін басқарды. «Еңбек ардагері» медалімен марапатталған. Аудандық әкімшілік тарапынан алған алғыс хаттары өз алдына. Үлкен құрметпен, кішіге ізетпен қараған ардақты ана. Көпшіліксіз тамағынан ас өтпейтін, көршілерсіз көңілі көншімейтін, барын жұрттың аузына тосатын, айналасындағы туыстарының, дос жаранның жағдайын ойлайтын, ақ пейілді, ақ жүректі ана 5 қыз, 2 ұлдан 17 немере, үш шөбере сүйген, ардақты аяулы әже. Ерлі-зайыпты Болат пен Күләштің ұлы Серік, қыздары Раушан, Гүлсім, Гүлшат, Гүлбақыт бүгінде еліміздің әр саласында еңбек етіп, ұрпақ өсіріп, ата-аналарының өнегелі өмірлерінің жарасымды жалғасы болып отыр. Күләш апамыз 2015 жылы 15 желтоқсанда 77 жасында өмірден өтті.

Көп жағдайда адамның нағыз азамат болуы атқарған қызметіне немесе жоғары мансабына емес, адамгершілігіне, имандылығына, ұстамдылығына, кезі келгенде әділдікті бетке айтатын турашылдығына, қай орта болсын сөзін өткізе алатын шешендігіне байланысты. Бұл қасиеттердің барлығы Серік Болатұлына тән десек, қателесе қоймаспыз. Құт дарыған қасиетті Қоңырөлеңде туып-өсіп, осында еңбек етіп, ұрпақ өсіріп, жерлестерінің сый-құрметіне бөлене алған Серік кезінде Күмісбек атасы негізін қалап кеткен өз әулетінің абыройына дақ келтірмеді. Азаматтың ажарын ашатын, алға ұмтылдыратын, демеп, асқар биікке алқынтпай шығаратын, әрине, жақсы жар болса керек. Осы орайда да Серіктің жолы болған. Өйткені, құдай қосқан қосағы Ғалия отбасының алтын діңгегі ретінде шаңырақтың шаттығын арттырып, шырайын кіргізіп келеді. Серік пен Ғалия Жадыра атты қыз бен Еркебұлан, Ғани атты ұлдарды өсіріп, ер жеткізді. Бүгінде олардың әрқайсысы өздері таңдаған мамандық бойынша еңбек етіп, егеменді еліміздің өсіп-өркендеуіне лайықты үлестерін қосуда. Құдай берген немерелері желкілдеп өсіп келеді.

Замана көші алға жылжыған сайын уақыттың бетінде қалған ата-бабасының жүріп өткен жолын Серік қайта-қайта ой елегінен өткізіп, олар жайлы балалары мен немерелеріне әңгімелеп беріп, құран бағыштауды дағдыға айналдырған. Олай етпесең, ата-бабасының бедерлі бейнесі бірте-бірте көмескіленіп, құм басқан саф алтындай көзден тасалана беретін сияқты. Бір әулеттің тарихы деген осы болар, сірә. Туған өлкелерінің заман ағымына сай өсіп-өркендеуіне өздеріне үлестерін қосқан аталары Күмісбек пен Қабдидың, әжелері Өзипа мен Батиканың, Қайникенің, туған ата-аналары Болат пен Күләштің салып кеткен сара жолдарын ізгілікпен жалғастырып, олардан дәстүр болып қалған отбасылық құндылықтарды дәріптеп келе жатқан Серік Болатұлы Күмісбековтың шын мәнінде осы әулеттің шырақшысы деп білеміз.

Роза ЕЛІКБАЕВА.

Событие года

ОЛИМПЕЙСКАЯ БРОНЗА НАЗЫМ КЫЗАЙБАЙ. С ОТЛИВОМ ЗОЛОТА...

Завершились 33-е Олимпийские игры в Париже, куда съехались почти 11 тысяч спортсменов из 206 национальных сборных. Было разыграно более 300 комплектов медалей. Сборная Казахстана завоевала на этих играх 7 медалей, одна из которых - золотая. Её стране принес дзюдоист Елдос Сметов, что позволило Казахстану подняться на 41-е место в общем медальном зачёте.

Напомним, что на прошлой летней Олимпиаде в Токио Казахстан завоевал 8 бронзовых медалей, из которых две принесли боксеры. Тогда команда заняла лишь 83-е место. Вроде бы прогресс есть? Смотря как подчитывать... Соседний Узбекистан, например, в Париже завоевал 13 медалей, из которых 8 - золотые! И 5 из них, заметим, в боксе! У казахстанских боксеров в этом виде спорта - обидный ноль.

Шанс взять золото был у боксера Нурбека Оралбая, но в финале он уступил раздельным решением судей (2-3) опытному украинцу Александру Хижняку. Комментаторы хвалили мощь и стойкость Оралбая в бою с серебряным призёром Олимпийских игр в Токио и пророчили казаху золотую медаль в Лос-Анджелесе.

Теперь о бронзе, которую принесла в копилку сборной боксера Назым Кызайбай. Она - титулованный боец: 7-кратная чемпионка Казахстана, двукратная чемпионка мира. Все первые три отборочных боя в Париже Назым выиграла с явным преимуществом (у спортсменок из Италии, Бразилии, взяла реванш над колумбийкой, которой проиграла на мировом первенстве). Однако за выход в полуфинал она уступила китайке У Юй в весе до 51 кг, которая в итоге стала золотым призёром в Париже. Китайские боксеры в последние годы значительно

прибавили на мировой арене благодаря привлечению кубинских тренеров.

Хотя Назым была несколько огорчена результатом («Я мечтала стать первой олимпийской чемпионкой Казахстана»), в



деть Головкина вживую».

Для жителей Алматинской области бронза Назым Кызайбай — полновесная награда! Как точно заметил один из популярных спортивных сайтов: бронза с отливом золота! Это действительно большое историческое достижение.

Не все знают, но Назым родом из Илийского района и до 7-го класса училась в средней школе №11 села Жетыген (ныне город Алатау). Здесь она начала увлекаться баскетболом и волейболом, дружила с мальчишками и, как признавалась СМИ, часто с ними дралась. Сельский тренер, наставник Болат Рахимов первым заметил её «пацанские» задатки, «боксерскую походку», предложил прийти в секцию бокса, которая размещалась в маленькой комнате старого общежития. Так что путь в большой бокс Назым начинала именно из Жетыгена.

Кстати, в этом селе хорошо поставлен бокс, особенно женский. Например, ещё одна жительница Жетыгена, Шахназ Исаева, является бронзовым призёром молодёжного чемпионата Азии в Дубае. Есть и другие призёры республиканских и международных турниров, но об этом позже. Мало кто знает, что в советское время в Жетыгене (в то время село Николаевка) жил у бабушки Виталий Кличко, будущий чемпион мира по боксу по версиям WBO и WBC.

Но вернёмся к Назым. В понедельник её и её личного тренера Долкунжана Каменова с почестями встретили в алматинском аэропорту многочисленные болельщики, друзья, родственники и представители СМИ.

От имени редакции областной газеты «Алатау Ардагері» поздравляем нашу Назым с весомой победой в Париже и верим: всё ещё впереди!

Рамазан ЕЛЕШЕВ.

День Воздушно-десантных войск

НАСЛЕДНИКИ СЛАВНЫХ ТРАДИЦИЙ

2 августа 2024 г. в войсковой части 32363 (35-я Гвардейская ДШБр) состоялись торжественные мероприятия по случаю празднования 94-й годовщины Воздушно-десантных войск.

Именно 2 августа в бывшем СССР традиционно отмечался День Воздушно-десантных войск.

Как известно, современные Десантно-штурмовые войска ВС РК являются наследниками их славных воинских и боевых традиций.

Воздушно-десантные войска Казахстана появились в 1992 г., одновременно с созданием Вооруженных Сил Республики Казахстан, когда в наследие от СССР страна получила под свое командование единственное воздушно-десантное подразделение – 35-ю отдельную десантно-штурмовую бригаду. Через два года некоторые части, входящие в состав этой бригады, попали под сокращение и расформирование из-за дефицита финансирования и недостатка офицерских кадров.

Далее был долгий процесс становления и развития.

6 июля 2000 г. Указом Президента страны в Вооруженных Силах Республики Казахстан были созданы Мобильные силы, которые в дальнейшем реформированы в Аэромобильные войска, а с 2017 года обрели современную структуру и преобразованы в Десантно-штурмовые войска.

И теперь в нашей стране 6 июля отмечается официально День Десантно-штурмовых войск.

Но дорогой для сердца каждого десантника праздник не потерял своего значения и важности и в наши дни. В настоящее время он остается символом боевого братства и преемственности поколений десантников как в Казахстане, так во многих государствах на постсоветском пространстве.

На празднования были приглашены ветераны-десантники, воины-афганцы, ветераны боевых конфликтов на Таджикско-Афганской границе и в На-

горном Карабахе, представители Общественного Объединения «Союз ветеранов Варшавского Договора и МНР» по Алматинской области, участники миротворческой миссии в Республике Ирак, ветераны ВС РК, жители Алматинской области и г. Конаев.

Митинг открыл командир части гвардии полковник Аманкалиев Б.Б. Он поздравил личный состав и ветеранов с праздником и поблагодарил за службу, отметив, что ДШВ РК являются наследниками и продолжателями славных воинских и боевых традиций воинов-десантников старших поколений.

Советник командующего ДШВ РК по работе с ветеранами гвардии подполковник запаса Наурушев К.Д. также поздравил присутствующих с памятной датой, поблагодарил ветеранов за то, что нашли время и силы для участия в мероприятиях. Он выразил благодарность командованию части за их организацию и возможность побывать в родной воинской части, поблагодарил воинов-десантников за нелегкий труд по поддержанию и приумножению боевых традиций десантников, особо отметив участие в активном режиме ДШВ РК, как резерв Верховного Главнокомандующего, в военных учениях, в том числе международного значения. Отметил важность их постоянной боеготовности, призвал десантников всегда быть верными воинской присяге и готовыми выступить на защиту суверенного Казахстана. Он передал слова поздравления командованию и личному составу части, ветеранам от командующего Десантно-штурмовыми войсками гвардии генерал-майора Джумакеева А.Ж., который, после окончания Рязанского высшего воздушно-десантного командного училища, начинал здесь воинскую службу молодым лейтенантом.



Председатель ОО «Алматинский областной Союз ветеранов Афганской войны» Молдабергенов К.Е. поздравил ветеранов и военнослужащих старших поколений с праздником, пожелал воинам-десантникам успехов в их нелегкой службе, чтобы всегда царил воинская дисциплина и порядок.

Ветеран Воздушно-десантных войск гвардии подполковник запаса Волокитин К.В. вручил грамоты военнослужащим от имени командования войсковой части 32363.

Далее прошло награждение отличившихся по службе военнослужащих от имени командования части.

В формате праздничных мероприятий бойцы-десантники продемонстрировали приемы рукопашного боя и элементы атаки. Вниманию гостей предложен показ стрелкового и группового оружия, специального десантного снаряжения и средств связи.

Гости посетили военный музей части. Ветераны сделали записи в книге посетителей.

Заместитель командира войсковой части 32363 по воспитательной и идеологической работе гвардии подполковник Туленбаев Д.А.;

- Сегодня 2 августа мы провели торжественные мероприятия и День открытых дверей по случаю 94-й годовщины ВДВ, которые посвятили нашим ветеранам-десантникам. Мы всегда им благодарны, всегда их цествуем и учимся у них. Продемонстрировали элементы рукопашного боя и образцы вооружения и военной техники. Десантно-штурмовые войска всегда с народом и на страже рубежей нашей Родины. Сегодняшнее мероприятие

имеет очень важное значение для общественной жизни и служит делу воспитания молодежи в духе казахстанского патриотизма.

Праздник завершился праздничным концертом, подготовленным представителями художественной самодеятельности войсковой части 32363.

Было организовано памятное фотографирование проведенных мероприятий, работали сотрудники военной пресс-службы.

Станислав ФЕДОРОВ,
подполковник медицинской службы,
ветеран ВС РК,
г. Конаев

АЛАТАУ Ардагері
Басылым 2023 жылғы 7 қыркүйектен шыға бастады
ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Ардагер ұйымы»
Республикалық қоғамдық бірлестігі
Алматы облыстық филиалы
Директор:
Ерболат ТҰРЫМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР:
Роза Айдарбекова
Тел.: 8 777 251 9310
ТІЛШІЛЕР:
Алтынбай Сықымбек
Тел.: 8 705 965 3661
Рамазан Елешев
Тел.: 8 747 706 1334

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
«Алатау ардагері» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.
Газет аптасына 1 рет – жұма күні шығады
Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылдың 21 тамызында тіркеліп KZ91VPY00075894 номерлі куәлігі берілген.
Газет «Алматы-Бошақа» акционерлік қоғамының баспаханасында басылды. Алматы қаласы С.Мұқанов көшесі, 23-В.
МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Қонаев қаласы, Жамбыл көшесі, 13/1.
«Алатау ардагері» газеті басылымның бүгінгі санның таралымы – 4017
Тапсырыс №1412
Индексі – 65472.